

АЙЫРТАУ ТАҢЫ



№49 (919)

Бейсенбі, 10 желтоқсан 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Құрметті солтүстікқазақсандықтар!

Шын мәніндегі ұлы мереке – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні құтты болсын! Бұл – әрбір қазақстандық үшін ерекше күн, еліміздің өміріндегі маңызы аса зор оқиға.

Құрметті айыртаулықтар!

Сіздерді еліміздің ең басты және елеулі мерекелерінің бірі - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ең биік ұлттық мәртебеге ие және халқымыздың бостандығы мен бірлігін айғақтайтын бұл мереке әрқасаймыз үшін айрықша асақ әрі ардақты.

Президент Жолдауы БАҒЫТЫ АНЫҚ, БАҒДАРЫ АЙҚЫН – ҚАЗАҚСТАН

Желтоқсан айының 4-і күні аудандық Ақан сері атындағы Мәдениет үйінде Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кезекті Қазақстан халқына Жолдауын талқылауға арналған Айыртау ауданы активінің жиналысы болып өтті.



Жиналысты аудан басшысы Ағзам Тастеміров ашып, жүргізіп отырды. «2015 жылғы 30 қарашада Елбасы – Ұлтымыздың көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауын жолдады.

Алдыңғы толқын Аудандық ардагерлер кеңесінің конференциясы

2015 жыл – еліміз үшін ерекше жыл ретінде есте қалды. Қазақ халқының бірігуінен бастап, қазіргі жаңа Қазақстанның өркендеп, даму жолындағы кезеңдерінің басын біріктіріп, мерейтой жылы болып саналған бұл жылы желтоқсанның 4 жұлдызында аудандық ардагерлер кеңесінің конференциясы болып өтті.



Конференцияға аудан әкімі, аудан ардагерлері, әкімдік қызметкерлері қатысты. Бұл конференция әрі есеп беру, әрі сайлау жиыны ретінде өткізілді. Әр 5 жыл сайын ұйымдастырылатын бұл конференцияда мына мәселелер күн тәртібіне қойылды: ардагерлер кеңесінің құрамына жаңа мүшелерді қабылдау, жаңа төраға сайлау және жылды қорытындылау.

ХАБАРЛАНДЫРУ Құрметті Саумалкөл ауылының тұрғындары мен қонақтары!

2015 жылдың 12 желтоқсаны күні сағат 10.00-де аудан орталығы Саумалкөл ауылында «Континент» сауда орталығының маңында аудан тұрғындары үшін ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді.

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні Маңызды тарихи күн

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні – тарихи тереңде жатқан елдің жаңа заманда өз алдына қайта егеменді ел болған күні. Тәуелсіздік күні мерекесі әр жылдың 16 желтоқсанында аталып өтеді.

Халықтар достығының нәтижесі. Қазіргі Қазақстан – егемен, демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Әрине, бізге жарқын жолдар ашық. Болашағымыз бай, бағытымыз айқын. Ғылымда дамуға жетелеп, ауылдарды көркейтіп, өтек-жеңнен жалғасқан жемқорлықты жою біздің міндетіміз. Қазақстанның алар асуы мен биік белесі әлі алда деп сенеміз.

Асқар ПАРМАНОВ, №2 аудандық сотының судьясы.



Ш. Уәлихановтың туғанына – 180 жыл

ҚАЗАҚТЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығына арналған «Шоқан – қазақтың жарық жұлдызы» атты дөңгелек үстел болып өтті.

Айғанымның мекенінен табылған XIX ғ. жататын екі жапырақты күлсалғыш, Шоқанның інісі, қазақтан шыққан алғашқы кәсіпқой суретші Мақы Уәлихановтың сүйек сандығы, Көкшетау округінің аға сұлтаны, полковник Шығыс Уәлиевтың алтын түсті жіппен тігілген белдігі және ең басты жәдігер ол Шоқан Уәлихановтың өзі пайдаланған жолсандығы көрермен назарына ұсынылды.



тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері т.ғ. к. Құндызай Ерімбетова және Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ұстаздары мен шәкірттері қатысты.

Ауқымдылық өлшемімен алғанда музей ғимараты қазірдің өзінде Ресейдің Эрмитажымен, Францияның Луврымен, Американың Метрополитен музейімен бірге өлемнің ірі экспозициялық орталықтары ондығының қатарына еніп отыр.

насихаттау жолындағы еңбегіме «Алғыс хат» табыс етті.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш өкілдерінің бірі қазақтан шыққан тұңғыш ғалым Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың шығыстану, тарих, этнография, география, фольклор, ағарту және тағы да басқа көптеген ғылым салаларына қосқан зор үлесі жайлы ой-пікірлермен бөлісу.

Шоқан Уәлиханов ғылымның көптеген салаларында із қалдырған ғұлама ғалым екені даусыз, әсіресе Шоқанның географиялық мәліметтері, сызбалары, карталары, жазған мәліметтерімен өзі салған суреттері оның еңбектерінің тарихи құндылығын күн өткен сайын арттыра түседі. Шоқан тек қана сәулет өнерінің туындыларына ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының мәдениеті, әдебиеті, ұлттық қолөнер саласы, қазақ ұлттық музыкалық аспаптары сияқты т.б. көптеген ғылым салаларына қатысты құнды деректер мен зерттеулер жасаған ұлы ғалым.

Уәлихан ҚҰЛБАЕВ, Ш. Уәлиханов атындағы Сырымбет тарихи-этнографиялық музейінің директоры.

Тағзым

Қазақ хандығының соңғы ханшайымы

Орыс халқының ұлы ақыны А.С. Пушкиннің қалыптасуына тәрбиеші әжесі Арина Радионовна қандай әсер етсе, қазақтың ғұлама ғалымы Шоқан Уәлиханов үшін де Айғаным әже сондай болған. Қазақ оқырмандары Шоқанның әжесі - Айғаным туралы тек Сәбит Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романы арқылы ғана біледі.

іспетті көрінеді. Сол себептен де күздің соңғы күні Айыртау ауданына қарасты Сырымбет елді мекенінің Айғаным қонысында «Айғаным мазары» ашылды.

Білгенің жөн

Ата-аналарға психологиялық көмек көрсету

Мүгедек баланы тәрбиелеп отырған жанұяға ықпал ету үшін мемлекеттік бюджет қаражатынан әралуан әлеуметтік жәрдемақылар төленіп, стационарлық және жартылай стационарлық мекемелерде, үйдегі күтім жағдайларында арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі.

жанұяда психологиялық денсаулықты сақтау, қолайлы әлеуметтік психологиялық климат жасау және мүгедек бала тәрбиелеп отырған тұлғаларға психологиялық қызмет көрсету болып табылады.

Жемқорлық – орза жығар

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ӨДІСТЕРІ

«ЕС-164/8 мекемесі» ММ Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Жемқорлықпен күрес туралы» Заңына сәйкес 2006 – 2010 жылдарға арналған жемқорлықпен күрес жөніндегі жоспарлар мен бағдарламаларға сәйкес және «Нұр Отан» партиясының аудандық филиалымен бірлесе отырып 2015 жылға арналған мекеменің жеке құрамы қызметкерлері арасында жемқорлыққа жол бермеу жөнінде қажетті алдын алу, тәрбиелік іс-шаралар өткізілді.

Жеке құрамды қызметтік даярлау жүйесінде Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы заңнамаларын оқыту сабақтары өтіп, онда сәйкесінше конспектілер жазылып, сабаққа қатысқандықтары жөнінде журналға белгіленіп отырды. Әрбір қызметкердің қолында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық атқару басқармасы комитетімен жасалған жемқорлыққа жол бермеу және жемқорлыққа қарсы шараларды қолдану туралы заңнамалары бар.

Солтүстік Қазақстан облысының Қылмыстық атқару басқармасының тарту тізіміне сәйкес мекеме басшылығы ҚАБ қызметке қабылдау жүргізеді, сәйкесінше қызмет орнына үміткердің моральдық және кәсіби қасиеттері басты назарға алынады.

Мекеме басшылығына мекеме қызметкерлері мен сотталғандардың арасында жемқорлық сипаттағы бейресми қарым-қатынастарға жол берген жағдайда оларды болдырмау және жою туралы шаралар қолданылады. Мекемеде өткізілетін алдын алу, тәрбиелік іс шаралардың барлығы мекемеде жемқорлыққа жол бермеу мақсатында жақсы нәтиже көрсетіп отыр. Жедел жиналыстарда жемқорлық құқық бұзушылықтар жөніндегі шолулар қарастырылады.

Сергей СОКОЛОВСКИЙ, «ЕС-164/8 мекемесі» ММ бастығының орынбасары.

Дөңгелек үстел

Жаңа Кодекс талқыланды

Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау аудандық сотында прокуратура, адвокатура, сот орындаушылар және заңгерлердің өкілдерінің қатысуымен Қазақстан Республикасының жаңа Азаматтық процестік Кодексінің талқылау жөнінде дөңгелек үстел өткізілді.

Сот төрағасы Нұрлан Нұралин өзінің сөзінде, 2015 жылғы 31 қазанында Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексіне қол қойылғанын және осы Кодекс 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетінін айта кетті.

Азаматтық – құқықтық қатынастар үшін бұл негізгі құжаттың қабылдануы «100 нақты қадам – барлығымыз үшін заманға сай мемлекет» Ұлт жоспарын іске асыруда маңызы зор болып саналады.

Қазақ қоғамы бұл қадамға пейілмен жетті, нақты айтқанда сот өндірісінің ашықтығы мен істерді жеңілдетілген іс жүргізу тәртібімен қарау, өуре – сарсанды жою, дауды тез арада шешу және сот төрелігін тиімді шешу – бұл барлығы жаңа құқықтық актісінде іске асырылған.

Жаңа АПК-і Мемлекет басшысының 2009 жылғы 24 тамызда бекітілген Жарлығы, 2010 – 2020 жылдар аралығында құқықтық саясат концепциясын және Қазақстан Республикасы судьялардың IV съезінде қойған мәселелерді орындау мақсатында жасалған.

Жаңа Кодексті қабылдау заң үстемдігін қамтамасыз етуге үлкен үлесін қосады. Ол барлық заманға сай базалық институттарды сақтайды, сонымен қоса қазақ құқықтық тәжірибесін әлемдік стандарттардың ең жақсысына айналдырады.

АПК мақсаты - Азаматтардың, мемлекеттің және заңды тұлғалардың бұзылған немесе даулы құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, азаматтық айналымда және жария-құқықтық қатынастарда заңдылықты сақтау, дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесу, құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қоғамда заңға және сотқа құрметпен қарауды қалыптастыру.

Дөңгелек үстелдің қатысушылары жаңа қабылданған Азаматтық процестік Кодекстің көкейкесті мәселелерін, оның мазмұнын талқылады.

Самал АЛДАҒАРОВА, Айыртау аудандық сотының бас маманы.



МЕЛБАҒДАРЛАМА

ДҮЙСЕНБІ, 14 ЖЕЛТОҚСАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «Апта.kz» 11:05 «Дара жол» 12:30 «Ақсауыт» 13:00 «БІРГЕ ТАҢДАЙМЫЗ!» 14:10 «Келін»...

ХАБАР

07:02 «Білгенге маржан» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 «Жеті күн» 11:00 «Экономкласс» 11:10 «Сотқа жеткізбей»...

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «ЛЕГАВЫЙ»...

СЕЙСЕНБІ, 15 ЖЕЛТОҚСАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «Таңдау». 10:50 «Сырғалым». 11:45 «Айтуға оңай»...

ХАБАР

07:02 «Білгенге маржан» 08:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 Т/с. «Осколки»...

«Бюро расследований» 20:55 «По сути» 21:00 Итоги дня 21:30 Специальный выпуск 22:00 Т/х «Құстар өні»...

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО» 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «ЛЕГАВЫЙ»...

СӘРСЕНБІ, 16 ЖЕЛТОҚСАН ҚАЗАҚСТАН

РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН!» 10:05 М/ф 10:40 «Айгөлек» 11:40 «ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН!»...

ХАБАР

07:02 Мерекелік музыкалық топтама «Әсем әуен» 08:00 М/ф 09:00 «Bala Turkvizyon-2015» / начало/ 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:10 «Bala Turkvizyon-2015»...

ЕВРАЗИЯ

6:00 «ДОЗНАВАТЕЛЬ» 7:40 «П@УТИНА» 8:10 «ӘСКЕРИ АЛЬБОМ» 8:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 9:00 Кино «КАСЫМ»...

Жыр отауы

Нұрлана бер, енселі Елім!

Қанат жайдық егеменді ел болдық, Жолымыз да айқындалды кең болып...

Елбасымен бірге көріп келеміз, Қуаныш пен жетістікті әр таңда. Ел болдық құлаш жайған көргенді, Тереземіз өзге елдермен тең келді.

Шолпан жұлдыз (Шоқан Уәлихановқа арнау)

Елесің көтпес еліңнің дәйімі есінен, Есімің өшпес жұмыр да жердің төсінен...

Сен болып гүлдеп қырдың да қызыл барқыты, Тектіліктің сақталды сенде сарқыты...

Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА.

ВЫЙ» Т/с 12:05 «СҮЙГЕН ЖАР» Т/Х 13:00 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:00 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ» 14:15 «СЛЕДСТВИЕ ПОКАЖЕТ»...

ЖҰМА, 18 ЖЕЛТОҚСАН ҚАЗАҚСТАН 7:00 «ТАҢШОЛПАН». 10:00 «Арнайы өкілдер»...

СЕНБІ, 19 ЖЕЛТОҚСАН ҚАЗАҚСТАН 7:00 «Айналайын» Т/х 8:00 «Көңілашар» 8:35 «АГРОБИЗ-НЕС»...

ХАБАР 7:00 «Тамаша» 08:30 «Айбын» 09:00 «Жеті күн» 10:00 «Ас арқау»...

ЕВРАЗИЯ 6:00 «ДОЗНАВАТЕЛЬ» 7:45 «П@УТИНА» 8:10 «ӘСКЕРИ АЛЬБОМ»...

